

## Көшеге атау беру туралы

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Иіркөл ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 132 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 қаңтарда № 5699 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына және Қызылорда облыстық ономастика комиссиясының 2015 жылғы 12 желтоқсандағы № 4 қорытындысына сәйкес Иіркөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шиелі ауданы Иіркөл ауылдық округі Ыбырай Жақаев ауылындағы атауы жоқ көшеге "Сейтімхан Сахиев" есімі берілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Иіркөл ауылдық округі әкімі*

*С. Монтаев*